



Бекітемін:  
Мектеп директоры:  
 Жиенбаева С.С.  
28 маусым 2020 жыл

Келісемін:  
Оқу ісінің меңгерушісі:  
 Гуртаева И.Қ.  
28 маусым 2020 жыл

ӘБ отырысында қаралды:  
Хатама  
ӘБ жетекшісі  Оңайбекова  
28 маусым 2020 жыл

Вариативтік Компонент  
Тақырыбы: «Сиқырлы бояу»

МАД «А» тобы тәрбиешісі: Спанова А

2020-2021 оқу жылы

**"Сикырлы бояу" (вариативтік жоспар)**

**Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары**

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Максаттары	Сағат саны	Күні
<b>Қыркүйек 2020ж</b>			
«Алтын күз»	Балалардың күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктерін әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру. Күздің бейнесін сюжетті сурет салу барысында жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.	<b>1</b>	<b>8.09</b>
«Түрлі түсті таспалар»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губкамен оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сызуды, екі үш түсті бояуменсызуга үйрету. Жлақ жолдарға біркелкі бояуды жағу тәсілін үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>15.09</b>
«Түлі түсті орамал»	Балаларды әдемі, түрлі-түсті етіп бояуға үйрету. Эстетикалық тәрбие беруге үйрету.	<b>1</b>	<b>22.09</b>
«Бұлт күнді жапты»	Балаларды шаршы пішінді орамалға өрнектер салуға жаттықтыру. Өздері салған өрнектерді дамуына мүмкіндік туғызу. Бояудың түсін таңдай білуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>29.09</b>
<b>Қазан 2020ж</b>			
«Кілемше»	Балаларды тұрмыстық заттардың әдемілігін байқай білуге үйрету. Кілеммен таныстыруды жалғастыру, кілемді түзу және ирек сызықтармен әшекелей білуге үйрету, сурет салуға дағдыландыру. Әсемділікті сезінуге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>6.10</b>
«Кесені әшекелейміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>13.10</b>
«Сүлгіні әшекейлеу»	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру.	<b>1</b>	<b>20.10</b>
«Тікенекті кірпі»	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтырды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарларға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>27.10</b>
<b>Қараша 2020ж</b>			

«Тәрелкені әшекейлеу»	Балаларды шеңберге өрнек сала білуге үйрету, бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру	1	3.11
«Сүйікті ойыншықтар (мұнара, көлік)»	Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, Ойыншықтарына	1	17.11
«Күстар»	Күстар туралы түсініктерін кеңейту. Күстардың үнін, қимыл – қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білуге үйрету. Күстардың бейнесін сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Күстарға қамқорлық жасап	1	24.11
«Жаналақтап алғашқы қар жауып тұр»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету, қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату. Көк түспен ақ түстің бір – бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1	1.12
<b>Желтоқсан 2020ж</b>			
«Қыстағы шуақты күн.»	балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білушілік, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін тәрбиелеу.	1	8.12
«Түзу жолда, мен жүремін тура»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	15.12
«Мерекелік отшашу»	Мерекенің өзіне тән ерекшеліктерін беру, отшашуды әртүрлі реңктермен бейнелеу, Бала қиялын дамыту, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеу.	1	22.12
«Ұзын құлақ сұр қоян»	Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен – кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту	1	29.12
<b>Қаңтар 2021ж</b>			
«Аққала»	Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту, Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір – бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.	1	12.01
«Қысқы шыршалар»	Балалардың сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру, тіс пастасымен жұмыс істеуге жаттықтыру. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу	1	19.01
«Сықырлы»	Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен	1	26.01

<b>таякшалар»</b>	таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек, таякшаларды салуға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу	<b>1</b>	
<b>«Қар кесегі»</b>	Балаларға қыстағы аяздың өнермен таныстыруды Қарды орналастыра білу, түсті сезіне білуге баулу	<b>1</b>	<b>26.01</b>
<b>Ақпан 2021ж</b>			
<b>«Атама арналған тымақ»</b>	Балаларға киім туралы түсінік бере отырып, тымақпен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	<b>1</b>	<b>2.02</b>
<b>«Әдемі көйлек»</b>	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортанбалармен, қылқаламмен сурет салудағыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу	<b>1</b>	<b>16.02</b>
<b>«Саты»</b>	Балаларға жануарлардың бейнесіне лайқты дауыс ырғағына қарай баспалдаққа орналастыруды түсіндіру. Керіктің мойынының ұзындығына қарай түрлі бағыттарға сызықтар жүргізіп, оларды қиыстырып, саты салуға үйрету. Музыканы көгіл күйлеріне қарай қабылдау сезімдерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>23.02</b>
<b>«Қуыршақтың мойынорағышы»</b>	Балалардың мойынорағыш туралы түсініктерін қалыптастыру. Мойынорағыштың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>23.02</b>
<b>Наурыз 2021</b>			
<b>«Анама арналған моншақтар »</b>	Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке гуашь бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Қоркөмдік талғампаздыққа тәрбиелеу	<b>1</b>	<b>2.03</b>
<b>«Кесені әшекейлейміз»</b>	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ерексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, салт – дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>9.03</b>
<b>« Алжапқышты әшекейлейміз ( киімнің жиегіне ұлттық ою – өрнек.)»</b>	Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою – өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру, алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.	<b>1</b>	<b>16.03</b>
<b>«8 Наурыз мерекесімен құттықтау ашықхаты.»</b>	анаға арнап ашық хат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге, қыз балаларды сыйлауға, мейірімділік пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	<b>1</b>	<b>16.03</b>